

Жымпиты ауылы

05.11.2013 жыл

Қаратөбе аудандық халық сотының құрылғандығы туралы мұрағаттық құжаттарда деректер жоқ. Интернет мәліметіне сүйенсек, алғаш рет Қаратөбе сот учаскесі болып 1928 жылы ашылған. БҚО мемлекеттік мұрағаты Сырым филиалында Қаратөбе аудандық халық сотының құжаттары 1956-1984 жылдар аралығында сақталуда.

Қаратөбе аудандық халық соты өзінің қарауына жатқызылған сот істерін қарауы, сот статистикасын жүргізуі, сот тәжірибесін зерделеу және жинақтаудың қорытындылары бойынша аудандық сот төрелігін іске асыруы кезіндегі заңдылықтың сақтау мәселелерін қарауы, заңда көзделген басқа да өкілеттіліктерді жүзеге асыруы – негізгі функциясы болып табылады.

Қаратөбе аудандық халық соты өз жұмысында келіп түскен талап-арыздарға және басқа да арыздарға қатысты ұйғарулар, үкімдер, шешімдер шығарған.

Әр жылдарда Қаратөбе аудандық халық сотының судьясы болып Шоланов Сопыбек, Хамза Муханғалиев, Кәрім Ахметқалиев, Қуанышқали Ешмұхамбетов, Шәңгерей Суханов, Кенжеғали Темешов, Өтеген Маштақов, Ескендір Шалабаев, Демеу Сейтмуханов, Жәрдем Аралбаев, Орасай Сейдахметов, Жасан Баймұрынов болған.

1963-1965 жылдар аралығында Қаратөбе ауданы Жымпиты ауданына қосылуына байланысты Қаратөбе аудандық халық сотының жұмысы тоқтатылып, 1966 жылдың ақпан айынан бастап жұмысын қайта бастаған.

Қаратөбе аудандық халық сотының мұрағаттық қорындағы штаттық кестелері бойынша 1960, 1966, 1974-1976 жылдары Қаратөбе аудандық халық сотында 1-халық судьясы, 1-сот орындаушы, 1-судья хатшысы, 1-сот отырысының хатшысы және 1-кіші қызметкер болған.

**Негіз: Қ-26, Т-1ж, і-25, п-1, і-74, п-1, і-216, п-1,
і-234, п-1, і-261, п-1.**

1966-1984 жылдар аралығындағы Қаратөбе аудандық халық сотының статистикалық көрсеткіші:

1966 жылы қаралған қылмыстық істер – 51

1967 жылы Қылмыстық істер – 49
Азаматтық істер – 179

1968 жылы Қылмыстық істер – 35
Азаматтық істер – 173

1969 жылы Қылмыстық істер -41
Азаматтық істер – 145

1970 жылы Қылмыстық істер – 37
Азаматтық істер – 166

1971 жылы Қылмыстық істер – 28
Азаматтық істер – 161

1972 жылы Қылмыстық істер – 39
Азаматтық істер – 139

1973 жылы Азаматтық істер – 78

1974 жылы Қылмыстық істер – 33

1979 жылы Қылмыстық істер – 42

1982 жылы Қылмыстық істер – 21
Азаматтық істер – 33

1984 жылы Қылмыстық істер - 29

Негіз: Қ-26, Т-1,і-66, п-5, 18, 34, 50, і-84, п-5, 19, 35, 42, і-90, п-1, 8, 14, 50, і-100, п-2, 13, 21, 25, і-107, п-19, 43, 71, і-119, п-6, 19, 32, 45, і-125, п-3, 13, 17, 21.

Құжаттар құрылымдық-функционалдық және хронологиялық бағыты бойынша жүйеленген.

Мұрағаттық қордың хронологиялық шегінен асатын құжаттар – жоқ.

01.10.2013 жылы қорда барлығы 352 сақтау бірлігі болды. Ғылыми-техникалық сараптау жұмыстарын жүргізгеннен кейін қорда барлығы 420 сақтау бірлігі тізімдемелерге енгізілді. 67 іс ажыратылып, қайта тігілді: бұрын штат кестесі мен шығындар сметалары бір іс болған, олар ажыратылып, қайта тігілді -8 іс. 21 іс-жылдық қаржылық есептер талапқа сай бөлініп, тігілді, № 1 тізімдеменің соңына қордың бұрынғы тізімдемелері енгізілді. Сондай-ақ, 38 – қылмыстық істер қайта тігіліп, 180 парақтарға ажыратылып, нөмірленіп, қорытынды жазбалары жазылды. Еңбек ақы есептеу ведомостылары да түгелдей жаңа қораптарға тігіліп, жаңартылды, құжаттардың барлық тиісті деректемелері талапқа сәйкес ресімделді. Тізімдемелердегі істер индекстері хронология бойынша қойылды.

Қор бойынша жоюға жататын құжаттар жоқ.

Нәтижесінде қор бойынша: №1 тізімдеме бойынша – 46 бума, № 1 ж тізімдемесі бойынша 2 бума құрастырылып, барлығы 48 жаңа жапсырма жасалды.

Мұрағаттық қорға жасалған ғылыми-анықтамалық аппарат құрамын тізімдемелер, тарихи анықтама, жетілдіру акттері, қор кәртiшкесі құрайды.

№1 тұрақты сақталатын тізімдемеге жылдық жұмыс жоспарлары, жеке ұйғарулар, жылдық есептер, хаттамалар, қылмыстық істер, қылмыстық үкімдер, азаматтық істер, азаматтық істер бойынша шешімдер, штаттық кестелер, шығындар сметалар, қаржылық есептер енгізілді, қордың бұрынғы тізімдемелері.

№1ж жеке құрам бойынша тізімдемеге еңбек ақы есептеу ведомостылары енгізілді.

Мұрағат қорының көлемі мен құрамында өзгерістер болған жоқ.

Құжаттардың сақталу деңгейі – қанағаттанарлық.

Тізімдемелер, жетілдіру акттері, тарихи анықтама, қор кәптішкесі мемлекеттік тілде жасалды.

Ғылыми-техникалық өңдеуден кейін төмендегідей есептік құжаттар құрастырылды:

1. 406 іс енгізілген 1956-1963, 1966-1984 жылдар аралығында № 1 тұрақты сақталатын істер тізімдемесі;
2. 14 іс енгізілген 1958-1961, 1966-1968, 1974-1980 жылдар аралығындағы жеке құрам бойынша істердің № 1 ж тізімдемесі;
3. Жетілдіру актілері;
4. Тарихи анықтама;
5. Қор кәртiшкесі.

Құжаттардың күйі және өңдеу сапасы жақсы.

Құжаттардың тілі - аралас (мемлекеттік және орыс тілдерінде).

Құрастырған:

БҚО мемлекеттік мұрағаты Сырым

филиалының директоры



А.А.Шілмұқанова